

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan
L. N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of philology
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

MATERIALS

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

Редакция алқасы: Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*),
Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Тұлғалық-бағдарлы технологиялар баланың жеке танымдық қабілетіне, оның өмірлік тәжірибесін пайдалануға негізделген. Бұл технологияның жұмыс формалары студенттерде пәндік және әмбебап іскерлік дағдыларды дамытады: олар өмірлік жағдаяттарда білімді интеграциялау арқылы қойылған мәселелерді шеше алады. Бұл дағдылар адамға тек мектеп қабырғасында ғана емес, күнделікті өмірде де керек.

Сабақта ақпараттық технологияларды, әсіресе техникалық құралдарды: аудио, видео, компьютер, интерактивті тақтаны қолдану дұрыс шешім. Қазақ тілі сабағында фильмдер мен презентацияларды қолдану арқылы, балаға визуалдық тәрбиені қатар бере аламыз. Бұл технологиялар оқу процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Заманауи технологияларға оқу материалдары блоктарға бөлінген модульдік оқыту жатады. «Бір мүшелі сөйлемдер» тақырыбына мысал қарастыратын болсақ, оқу материалы бірнеше блоктарға бөлінеді. Бірінші блок – тұрлаулы мүшелер, екінші - тұрлаусыз мүшелер, үшінші – атаулы сөйлем.

Жаңа технологияларды, әдістерді қолдану нәтижесінде студенттердің оқу пәндерін оқуға деген қызығушылығы пайда болады. Олар тапсырмаларды орындауға асқан ынтамен кіріседі, оқу мәнді әрі түсінікті болғанда, сыныптың оқу үлгерімі де алға жылжиды. Оқытудың заманауи технологиялары мен әдістері оқушыны өмірге дайындайды, дәстүрлі білім беру жүйесіне қарағанда тұлғаны сапалы тәрбиелеуге ықпал етеді.

Кез-келген педагогикалық технология философиялық негізде қаралады. Сондықтан, бірінші кезекте, білім әлеміне еніп жатқан инновациялық технологияларды реттеу, жүйелеу және сұрыптау қажет. Білім беру жүйесіндегі инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы оқу материалдарын оқытуды бір жүйелілікпен үздіксіз жүргізу, оқу-тәрбие үрдісінде оқытуда пәнаралық байланыстардың болуын қарастыру. Педагог жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану барысында өзін-өзі кәсіби тұрғыда дамытады және қалыптастырады.

Жалпы, инновациялық технологиялар оқушыны оқу іс-әрекетінің субъектісіне, өзін-өзі анықтауға, өзінің сұраныстарын өзі қамтамасыз етуге ұмтылатын тұлғаға айналдырады. Олай болса, оқытудың заманауи технологияларын қолдану білім сапасын арттыруға, оқушылардың сабақтағы тиімділігіне, оқушының пәнге деген тұрақты қызығушылығын арттыруға әсер ететін оқыту әдістерінің кең спектрін қолдануды көздейді деген қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Смирнова С.А. Педагогика: теории, системы, технологии. – М., 2009.
- 2 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М., 2001.
- 3 Халықова К.З., Абдулкерімова Г.А. Педагогикалық информатика /білім беруді ақпараттандыру. – Алматы, 2009

ӘОЖ 372.881

ОҚЫЛЫМ ӘРЕКЕТІН ДАМУДА ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМДЫ МЕНГЕРТУДІҢ МАҢЫЗЫ

¹Бердіқұлова А., ²Қапантайқызы Ш.

¹*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ тілі
кафедрасының докторант*

²*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, п.ғ.д.*

^{1,2} *Астана қ., Қазақстан*

E-mail: adasay.90@mail.ru

Аннотация. Чтение – это процесс, который требует усилий со стороны читателей, если они хотят понять то, что они читают. Значительное количество исследований было посвящено пониманию процессов, способствующих пониманию прочитанного. Знание словарного запаса,

грамматики и их роли в понимании прочитанного было одной из основных областей исследований второго языка в течение последних двадцати лет. Знание словарного запаса, грамматики и понимание прочитанного тесно взаимосвязаны, и эта взаимосвязь не является односторонней, поскольку знание словарного запаса может помочь учащемуся понимать письменные тексты, а чтение может способствовать увеличению словарного запаса. Из трех основных компонентов языка, а именно звуков, грамматики и словарного запаса, словарный запас играет очень важную роль. На самом деле, без распознавания значения слов было бы невозможно ни создавать, ни воспринимать язык. Хотя учащиеся могут успешно декодировать и бегло читать, знание значений слов, содержащихся в тексте, имеет решающее значение для понимания прочитанного.

Ключевые слова: навык чтение, словарный запас, грамматический минимум, лексический минимум, текст.

Abstract. Reading is a process that requires effort on the readers' parts if they want to understand what they are reading. A considerable amount of research has been devoted to understanding the process that contribute to reading comprehension. Vocabulary knowledge, grammar knowledge and its role in reading comprehension has been one of the main areas of focus in second language research for the last twenty years. Both vocabulary knowledge and reading comprehension are closely related, and this relationship is not one-directional, since vocabulary knowledge can help the learner to comprehend written texts and reading can contribute to vocabulary growth. From among the three major components of language, namely, sounds, grammar, and vocabulary, knowledge of the words, as the building blocks of language has a very crucial role. In fact, without the recognition of the meaning of the words, it would be impossible to either produce or perceive the language. Although students may successfully decode and read fluently, knowing the meanings of words contained in a text is critical to reading comprehension.

Keywords: reading comprehension, vocabulary knowledge, grammar knowledge, lexical minimum, text.

Тілді екінші немесе шет тілі ретінде меңгеру үшін сөздік қор маңызды рөл атқарады, өйткені ол барлық тілдің негізі болып табылады. Бұл біздің ойларымыз бен идеяларымызды білдіру, ақпарат алмасу, басқаларды түсіну және жеке қарым-қатынасты дамыту үшін қолдануға болатын бастапқы кірпіштері. «Біздің сөздік қорымыз болып, алайда грамматиканы мүлдем білмесек те, сөйлесе аламыз, грамматикасыз өте аз нәрсені жеткізуге аласың; сөздік қорсыз ештеңені жеткізе алмайсың» [1].

Сөздердің мағынасын білу оқылған материалды түсінудің маңызды факторы ретінде танылады. Ғалымдардың пікірінше, тіл үйренуші мәтіндегі көптеген сөздердің мағынасын білмесе, мәтінмен жұмыс барысында түрлі кедергілерге тап болуы мүмкін. Сөздік қорды молайту тіл үйренушілердің оқылым дағдыларын жақсартуға көмектеседі.

Сөздік қор оқу және мәтіндерден жаңа мәліметтерді алу қабілетінің алғышарттарының бірі болып табылады. Таныс және бейтаныс лексиканың мөлшері оқылымдағы қиындықтарды ажыратудың маңызды аспектілерінің бірі болып табылады.

Тіл үйренудің бастапқы кезеңінде барынша көбірек қамтып оқу ұстанымы адамның табиғатына және сөйлеудің өзіндік ерекшелігіне сәйкес келеді. Тіпті қарапайым үш-төрт сөйлемнен ғана тұратын қып-қысқа мәтіннің өзін түсініп оқи алу үшін көп білім керек. Сондықтан әріптерді толық танып, дыбыстарды, одан кейін бір-біріне тіркеп оқып кету толыққанды оқылым болып саналмайды. «Шетел тілін оқыту үдерісінде сөздік қорды меңгеру ерекше орын алады. Сөйлем арқылы берілетін ақпараттың 80 пайызын лексика құрайтыны анықталған» [2]. Олай болса, ересек тіл үйренушінің оқығанын жақсы түсіну үшін сөздік қорды дамыту маңызды рөл атқарады. Белсенді сөздерді барынша толық қамтыған деңгейлік лексиканы жақсы меңгеру ересек тіл үйренушіге мәтіндегі сөздердің мағынасын дұрыс ажыратуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде мәтін мазмұнын барынша толық түсінуге жол ашады. Тіл үйренушінің оқылым дағдысын тиімді дамыту жайлы зерттеулер жүргізген ғалымдар бірауыздан сөздік қорды молайту жұмыстарын жүйелі жүргізу мәтінді жеңіл әрі сапалы түсінуге және оқуға деген ынтаны арттыруға үлкен ықпал ететінін айтады [3].

Үйренетін тілде оқылғанды түсіну үшін ең алдымен жеткілікті сөздік қор қажет. Көлемі және мазмұны жағынан әртүрлі мәтіндерді оқу арқылы сөздік қорын молайту – үйренушінің жаңа тілдің табиғаты, ерекшелігі, өз ана тілінен айырмашылығы туралы білімін тереңдетудің табиғи және тиімді жолы. Оқып отырған мәтінде кездесетін әрбір жаңа сөзді сөздіктен іздеп тауып, мағынасын түртіп алуды жүйелі түрде жүргізіп отыру, реті келген кезде сол жаңа сөзді қолдану тәжірибесін әдетке айналдыру сөздік қорды дамытуға үлкен септігін тигізеді. Тіл үйренушінің лексикалық қорын өздігінен дамыту бағытындағы жұмысы когнитивтік тәсілдемеге сүйеніп жүргізілуі тиіс [4]. Бұл әсіресе ересек тіл үйренуші үшін аса маңызды. Өйткені ересек адам үшін оқитын, меңгеретін ақпаратын саналы түрде түсінуі қажет. Сөздің мағынасын терең танып, түсінбей, құр жаттап алу ересек адам үшін мүмкін емес. Әр сөздің мағынасына асықпай үңілу нәтижесінде ұзақ мерзімді жады іске қосылады. Мәтін ішінде кездескен әрбір жаңа лексика-грамматикалық бірлікті ұзақ мерзімді жадыда сақтау үшін үздіксіз, жүйелі жұмыстар атқарылуы тиіс [5]. Ересек тіл үйренуші оқылым мәтінімен өздігінен жұмысын дұрыс ұйымдастырса, сондай мүмкіндікке қол жеткізе алады.

Сонымен қатар, ересек тіл үйренушінің сөз байлығының көптігі жазба мәтіннің жалпы мағынасын түсінумен қатар оның бейнелі тілін, ұлттық кодқа ие лексикалық бірліктерін жақсы түсінуіне мүмкіндік береді. Ұлттық кодқа ие лексикалық бірлік ұлттың шығу тегіне байланысты бірегей ақпарат таситын белгілі бір сөз немесе сөз тіркесі болуы мүмкін [6]. Қазақ тіл білімінде осы мәселені қарастырған ғалым А. Салқынбай ұлттық код тасушы тілдік бірліктер арқылы әр ұлт өзін қоршаған әлемнің тілдік бейнесін жасайтыны туралы айтады [7]. Бұл тұста Л.М. Абазова, Ю.В. Чичериналар тіл үйренудің бастапқы деңгейінде оқылым дағдысын дамыту үшін ұлттық мәнге ие тілдік бірліктерді қамтитын елтанымдық мәтіндерді берудің маңызы зор деп есептейді [8, 9]. Соның нәтижесінде тіл үйренушілердің бойында лингвоелтанымдық, лингвомәдениеттанымдық құзыреттіліктер қалыптасады [10]. Тіл үйренудің бастапқы А1, А2 деңгейлеріне арналған лексикалық минимум қатарында қамтылған сөздердің арасында қазақ ұлтының ерекшелігін танытатын сөздер де жақсы қамтылған [11].

Тіл үйренудің бастапқы кезеңінде жаңа лексикалық материал күн сайын біртіндеп енгізіліп отырады. Игерілген лексикалық бірліктер сөздік қорда үнемі қолданылу барысында бірін-бірі толықтырып, тіл үйренушінің меншігіне айнала береді. Ересек тіл үйренушінің тілді білу деңгейіне сай дұрыс іріктеліп алынған лексикалық минимум оқытудың соңғы мақсатты нәтижесіне тезірек қол жеткізуге көп ықпал етеді. Осы мәселеге байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарына назар аударсақ, К.Жақсылықова қазақ тілінің лексикалық материалын сұрыптаудың келесі ұстанымдарын анықтап көрсетеді: «1) Сөздердің қолданылу жиілігі; 2) Сөйлеу жеңіл-қиындығы; 3) Сөздің тілдің дыбыстық ерекшелігін қамтуы; 4) Сөздің тақырып қажеттілігіне сәйкестігі; 5) Сөздердің тіркесімділігі; 6) Сөздің синонимдік қасиеті; 7) Сөзжасамдық қабілеті; 8) Екі тілге ортақ сөздерді қоспау; 9) Сөздің оқушының психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігі» [12].

Ф.Оразбаева қазақ тілінің актив және пассив лексикасын интуитивтік, статистикалық, әдістемелік және лингвистикалық ұстанымдар бойынша іріктеу жолдарын қарастырып, сонымен қатар лексикалық бірліктер құрамында тұрақты сөз тіркестерін де оқыту мәселесіне тоқталды [13]. Қ.Қадашева қазақ тілін оқыту әдістемесінде деңгейлер бойынша лексикалық бірліктерді іріктеу мәселесін алғаш рет қарастырып, олардың стильдік шектеулерінің болмауына, сөз тіркесінің құрамына ену қызметі мен қайталану жиілігіне көңіл бөлу керектігін айтады [14].

Бай сөздік қор оқылым дағдысының тиімді және нәтижелі болуына көп ықпалын тигізеді. Тіл үйренуші оқып отырған сөзінің мағынасын неғұрлым тез және дәл анықтаған сайын, оның мәтінді декодтауға жұмсайтын уақыты мен күш-жігері соғұрлым азая түседі. Бұл өз кезегінде тіл үйренушінің ақыл-ой энергиясын оқудың басқа аспектілеріне, мысалы, қорытынды жасауға, жалпылауға және сыни талдау жасауға шоғырландыруына мүмкіндік береді.

Үйренетін тілдегі сөздік қорды дамыту ересек тіл үйренушінің оқылым мәтінімен жұмыс істеудегі оқу-танымдық уәждемесін аттыруға әсер етеді. Бұл мүмкіндік оқылым материалдарының кең ауқымына, соның ішінде күрделі және қиын мәтіндерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Әрбір жетістікке жеткен сайын тіл үйренушіде сөздік қорын өздігінен толықтырып отыру дағдысы қалыптасады. Тіл үйренуші сөздік қорын өздігінен толықтыру мақсатын қойып, саналы түрде кіріскен кезде өз қызығушылықтары мен мақсаттарына сәйкес келетін сөздердің тізімін жасап, оларды жүйелі түрде зерттеп жүру дағдысын қалыптастырады. Оқылым дағдысы қалыптасып келе жатқан кезде фильмдер немесе телешоуларды субтитрлермен көру де біршама көмегін тигізеді. Оқылым дағдысын қалыптастыруда сөздік қорды мақсатты түрде дамыту ең басты әрекет болып саналады. Күн сайын немесе апта сайын үйренгісі келетін жаңа сөздер санын нақтылап, мақсат қойып алу жақсы нәтижеге әкеледі. Оларды карточкаларға жазып алып, үнемі қайталап жүру арқылы жақсы есте сақтауға болады. Үйренетін тілде мүмкіндігінше көп оқу сөздік қордың және грамматикалық құрылымдардың кең ауқымын ашады. Бейтаныс сөздерді кездестіргенде, оны сөздіктен іздеп, жазып алу керек. Бүгінгі күнде сөздің контексте қалай қолданылатынын түсінуге көмектесетін мысал сөйлемдерді қамтитын онлайн сөздіктер де бар. Бұл ретте <https://sozdik.kz/>, <https://translate.google.kz/?hl=kk>, <https://sozdikqor.kz/> сайттары үлкен көмекші бола алады.

«Сөздің мағынасын түсіндіру үшін қолданылатын мәнмәтінге келесі талаптар қойылады: ондағы грамматикалық құрылым, жаңа сөзден басқа барлық сөздер оқушыларға таныс болуы керек, осылайша оқушылардың назары тек жаңа сөзге ғана аударылады» [15]. Кейінгі кезеңде жарық көрген оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар грамматиканы оқыту дұрыс емес, таза сөйлеу тілін үйрету керек деген ұстанымға құрылды. Әр сабақта өмірге, қоғамға, мамандыққа, елтану мақсаттарына байланысты тірек мәтіндер беріліп, осыған байланысты қосымша жұмыстар кешені (сөздікпен жұмыс, аударма, жоспар құру, сұрақтар қою, сұрақтарға жауап беру, дайын модельдер бойынша ұсыныстар жасау, жаттығулар орындау және т.б.) ұсынылды. Мәтінде кездесетін тың грамматикалық формалар қысқаша ғана түсіндіріліп отырды. Алайда, біздің тіліміз соншалықты бай да шұрайлы, сондықтан мәтіндерде кездесетін әртүрлі грамматикалық, синтаксистік құрылымдар теорияның қысқаша берілген мазмұнына сәйкес келмеді және тіл үйренушіге түсініксіз болып қала берді. Ал ғалымдар: «Сабақта кездейсоқ енгізілген жаңа нысандар болмауы керек, мұндай нысандар сабақта түсініксіз болып қалады», - дейді [16].

Сондықтан қазақ тілін үйретуде деңгейлік грамматикалық минимумды дұрыс іріктеп ұсыну жолдарын анықтау қазіргі әдістеме ілімінің өзекті мәселесі болып отыр. Соңғы жылдары тілді қарым-қатынас құралы ретінде оқытудың тиімді жолдарын іздеу нәтижесінде лексиканы меңгерту алдыңғы орынға шығып, грамматика ығыстырылып қалды. Алайда, грамматикалық формалар туралы қарапайым теориялық білімсіз лексиканың басын құрап, сөйлеу тілінде қолдану мүмкін емес екені белгілі. Д. Тұрсынов: «Жоғары оқу орындарының қазақ топтарында орыс тілін оқыту процесін кешенді жүргізу кезінде, грамматика мен лексиканы бір мезгілде оқыту арқылы студенттердің ауызша, жазбаша сөйлеуін дамытуда табысқа жетуге болады» [17].

«Тілді меңгеру деңгейлік оқыту әдісіне негізделіп, кезең-кезеңімен жүретіндіктен, әр деңгей түпкі мақсатқа байланысты лексикалық минимумды, грамматикалық минимумды анықтауға тырысады» [18]. Сондықтан ересек тіл үйренуші оқыған материалын жақсы түсінуі үшін сөздік қорын дамытумен қатар тілдің негізгі грамматикалық ерекшеліктерін де жақсы білуі қажет. Қазақ тілі агглютинативті тіл болғандықтан сөздіктен қарап, жаттаған түбір сөздермен қатар оларға грамматикалық мағына үстейтін белсенді қосымшалардың да мәнін білу маңызды. Тіл үйренуші оқылым мәтінімен жұмыс істеу кезінде үнемі аударма сөздікке сүйенеді. Ал сөздікте сөздер түбір қалпында, қосымшасыз берілетіні белгілі. Енді осы сөздердің сөйлем құрамында, мәтін ішінде берілген грамматикалық формаларын танып, олардың беретін мағынасын түсінуі үшін тіл үйренушінің жеткілікті грамматикалық білімі болуы керек. Жақсы грамматикалық дағды тіл үйренушіге сөйлемнің мағынасын түсінуге,

мәтіннің мақсаты мен мәнін, құрылымын анықтауға көмектеседі. Қазтест жүйесінің «Қазақ тілін оқытуға арналған бірүлгі бағдарламасында» деңгейлік грамматика біршама іріктеліп берілген [19].

Жоғарыда айтылған ойларымызды тұжырымдай келе, тіл үйренуде сөздік қор мен грамматиканың маңызды рөл атқаратынына көз жеткіздік.

Лексика барлық басқа тілдік дағдылардың негізі, ол тілді жоғары деңгейде меңгеруге «баспалдақ» бола алады.

Ал дұрыс іріктеліп, жүйелі ұсынылған деңгейлік грамматика тіл үйренушінің оқылым дағдысын дамытуда шешуші рөл атқарады. Ересек тіл үйренуші бұл тілдегі грамматикалық ерекшеліктерді дұрыс түсінген кезде оларды қолдану жолдарын да меңгере алады.

Сонымен қатар деңгейге сәйкес лексика мен грамматиканы қамтитын материалдарды іріктеуде туындайтын қиындықтары да бар екені анықталды. Тіл үйренушінің тілді меңгеруге деген сенімін жоғалтпай, керісінше алға ұмтыла түсуі үшін оқылым мәтіндерін деңгейге сәйкес бейімдеп, қажет жағдайда өңдеп, түрлі қызықты жаттығулар ұсынған абзал.

Оқылым әрекеті жүйелі, үздіксіз жүргізіліп отыруы үшін ол жалықтырмайтын болуы керек. Тіл үйренуші мәтінді оқып, нәтижелерге қол жеткізген сайын өзіне деген сенімі нығая беруі керек. Адам өзі шұғылданатын ісін қаншалықты ұнататын болса, соншалықты онымен жүйелі айналысып, дағдыларын жетілдіруді жалғастыра алатын болады. Оқылым дағдысы күнделікті әдетке айналған кезде, нәтиже де көп күттірмейтін болады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Wilkins, David A. (1972). *Linguistics in language teaching*. Edward Arnold, London.
- 2 Джоламанова В.Д. О лингвистических основах организации учебного лексического материала. В кн. *Лингвистические основы обучения иностранным языкам*. – Алматы: Изд-во КазГУ, 1987. – 81 с.
- 3 Хомченко Л.Г., Зайцева Т.А. Комплексная работа по обогащению словарного запаса учащихся I ступени общего среднего образования // *Образование XXI века: тренды, новые модели эпохи цифровизации и провайдеры поколения NEXT*. – 2021. – С. 241-249.
- 4 Шамов А.Н. Когнитивный подход к обучению лексике: моделирование и реализация: дис ДПН. – Тамбов: Нижегород. гос. лингвист. ун-т им. НА Добролюбова, 2005. – 50 с.
- 5 Коршунова Т.Н., Томилина Н.И., Абакумова Т.И. Самостоятельная работа с текстом как основа закрепления умений и навыков усвоения лексики и грамматики иностранными студентами подготовительного отделения // *Актуальные проблемы русского языка и методики его преподавания в иностранной аудитории*. – 2020. – С. 113-123.
- 6 Юсупова З.М. Текст как источник формирования системных знаний в словарно-фразеологическом компоненте языка в условиях двуязычия // *Вестник Педагогического университета*. – 2020. – №. 2 (85). – С. 37-41.
- 7 Салқынбай А. Әлемнің когнитивтік бейнесі: қазақ тіліндегі ұлттық кодтар: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 280 б.
- 8 Абазова Л.М. Особенности презентации текстов лингвострановедческого характера на начальном этапе обучения русскому языку как иностранному // *Педагогика и современность*. – 2013. – №. 4. – С. 36-42.
- 9 Чичерина Ю.В. Межкультурный подход к отбору содержания обучения чтению на иностранном языке // *Инновационные идеи и подходы к интегрированному обучению иностранным языкам и профессиональным дисциплинам в системе высшего образования*. – 2017. – С. 86-89.
- 10 Қадашева Қ., Асанова У.О., Ашиқбаева Б.Г. Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі (түркі тілдерінде сөйлейгіндер үшін). – Алматы: «Кантана-пресс», 2012. – 400 б.
- 11 Қазақ тілін меңгерудің деңгейлік лексикалық минимумы. (А1, А2 деңгейлері) – Астана, 2011.
- 12 Жақсылықова К. Қазақ тілін орыс тілді бөлімдерде модульмен оқытудың ғылыми-теориялық негіздері: пед.ғыл.докт. ...дисс. – Алматы, 2001. – 286 б.
- 13 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: Теориясы және әдістемесі. – Алматы: Ы.Алтынсарин ат.ҚБАРБК, 2000. – 208 б.
- 14 Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Мұрагер, 2005. – 176 б.
- 15 Байнешева Ш. Неміс тілі лексикасын оқыту. – Алматы: Рауан, 1999. – 150 б.

16 Ерназарова З.Ш. Оқыту процесіндегі коммуникативті-функционалдық принциптің алатын орны // «Мемлекеттік тілді оқытуды жетілдірудің өзекті мәселелері» атты Республикалық ғылыми-әдістемелік конф. материалдары. - Хабаршы. Вестник. “Филология ғылымдары” сериясы. Абай ат. ҚазҰПУ. – Алматы, 2004. – № 3 (9). – 54-55-б.

17 Турсынов Д.Т. Теория и практика концентрическо-комплексный системы // Русский язык в национальной школе. – 1972. – № 4. – с.7.

18 Қазақ тілін оқытуға арналған бірүлгі бағдарлама. (Қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту әдістемесі негізінде). – Астана, 2016. – 84 б.

ӘОЖ 371.1

КОММУНИКАТИВТІК ЖАҒДАЯТҚА САЙ СТИЛІ МЕН ЖАНРЫ ӘРТҮРЛІ МӘТІНДЕРДІҢ МОДЕЛІН ҚҰРАСТЫРУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Исина Б.

Қарағанды қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, п.ғ.м., мұғалім-сарапшы, кәсіби даму бойынша

мұғалімдердің тренері

Қарағанды қ., Қазақстан

E-mail: Isina_B@krg.nis.edu.kz

Аннотация. В статье рассмотрена исследовательская работа и ее результаты, проведенные в рамках совершенствования академической, социально-политической, социально-бытовой ораторской и научной, публицистической, художественной литературы, устной и письменной языковой культуры личности в формальном стиле на основе построения модели текстов с различными стилями и жанрами в соответствии с коммуникативной ситуацией путем интегрированного применения метода проблемного кейса методом проектирования. Включены поиски путей повышения языковой компетентности личности, развития исследовательско-проектных навыков. На основе проблемного кейса предлагается методика обучения, направленная на построение модели текстов разных стилей и жанров, создание условий для формирования умений определять и развивать идею, соответствующую коммуникативной ситуации, планировать действия в рамках ее развития, подбирать информацию, обрабатывать ее, представлять в новом жанре.

Ключевые слова: стиль, жанр, коммуникативная ситуация, исследовательско-проектные навыки.

Abstract. The article considers the research work and its results carried out within the framework of improving academic, socio-political, socio-everyday oratorical and scientific, journalistic, fiction, oral and written language culture of a person in a formal style based on the construction of a model of texts with different styles and genres in accordance with the communicative situation through the integrated application of the method of problematic case study by the design method. The search for ways to improve the language competence of the individual, the development of research and design skills is covered. On the basis of a problem case, it is proposed to plan actions within the framework of identifying and developing an idea in accordance with the communicative situation, create conditions for the formation of skills to select information, process it, present it in a new genre, and develop a model of texts of different styles and genres.

Keywords: style, genre, communicative situation, research and design skills.

Тұлғаның мәселені шешіп, нәтижеге қол жеткізуі, табысты болуы, зор маңыздылыққа ие. Осы тұрғыдан Назарбаев Зияткерлік мектептерінде тұлғаны дамытудағы күтілетін нәтижені қамтамасыз ету – маңызды талаптардың бірі. Бұл қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні жағдайында 1993 жылы П.Рейс негіздеген «жасай алатынына сенімді» [1. 8] деңгейге дейінгі құзыреттілікті қамтамасыз ету үшін айтылым және жазылым үдерісіндегі оқушылардың жаңа ақпаратты жобалайтын, құрастыра алатын жасампаздық әрекеті мен жасалған үлгіні бағалап, салыстырып, негіздей алу дағдыларын игеруді талап етіледі. Осы орайда критериалды бағалау, оқу жетістіктерін мониторингілеу, сыртқы жиынтық бағалау нәтижелері көрсеткендей, оқушылардың айтылым және жазылым дағдыларын дамытуда